**Бекітемін**
**Мектеп директоры:**
**______ Л.Х.Еспанова**

**Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп «Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын жылдық іс- шаралар жоспары**

| № | Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы | Өткізу мерзімі | Жауаптылар | Серіктестер | Мақсатты аудитория |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **ҚЫРКҮЙЕК** | | |
| 1 | 1.Парламенттің жобалау кеңсесін құру<br>2.Мектеп Парламенті президентін сайлау күнін бекіту.<br>3.Оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту. | Қыркүйек | ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер | 5-11 сыныптар |
| 2 | ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепішілік Ережемен таныстыру | Қыркүйек | ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер | 1-11 сыныптар |
| 3 | Тіл тағдыры – ел тағдыры...<br>(5-қыркүйек тілдер мерекесі) | Қыркүйек | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер | 11 сынып |
| 4 | «Қылмыс пен жаза»<br>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | Қыркүйек | ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер | 9 сынып |

**Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған**
**мемлекеттік бағдарламасына сәйкес**
**«Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп**

# ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

**Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатынатқарылатын№76 жалпы орта білім беретін мектебінің іс- шаралар жоспары**

**Парламент мақсаты:**

*Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.*

**Парламент міндеттері:**

*1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;*

*2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;*

*3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;*

*4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;*

*5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;*

*6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;*

*7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;*

*8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.*

*9. Білім беру ұйымдарында Парламент қызметі өңір мен білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.*

**Бекітемін**
**Мектеп директоры:**
**_______Л.Х.Еспанова**

**Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп «Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын жылдық іс- шаралар жоспары**

| № | Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы | Өткізу мерзімі | Жауаптылар | Серіктестер | Мақсатты аудитория |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚЫРКҮЙЕК** | | | | | |
| 1 | 1.Парламенттің жобалау кеңсесін құру<br>2.Мектеп Парламенті президентін сайлау күнін бекіту.<br>3.Оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту. | Қыркүйек | ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер | 5-11 сыныптар |
| 2 | ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепішілік Ережемен таныстыру | Қыркүйек | ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер | 1-11 сыныптар |
| 3 | Тіл тағдыры – ел тағдыры...<br>(5-қыркүйек тілдер мерекесі) | Қыркүйек | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер | 11 сынып |
| 4 | «Қылмыс пен жаза»<br>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | Қыркүйек | ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер | 9 сынып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАЗАН** | | | | | |
| 5 | «Оқулықты күтіп ұста» акция | Қазан | АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер Сынып жетекшілер | 1-11 сыныптар |
| 6 | «Ұстаздар ұлы тұлғалар» (мерекелік ашық хаттар және ұстаздарды құттықтау видеоролик) | Қазан | ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер | 1-11 сыныптар |
| 7 | Өзін – өзі басқару «Дублер» күні акция | Қазан | ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер | 9-11 сыныптар |
| 8 | Мектеп президентін, фракция көшбасшыларын сайлау | Қазан | ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер | 7-11 сыныптар |
| 9 | Парламент отырысын өткізу | Үнемі | АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | Фракция мүшелері |
| 10 | Алтын күз | Қазан | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер | 2-11 сыныптар |
| **ҚАРАША** | | | | | |
| 11 | «Мектепте, үзілісте...» «Ұлы дала перзенттері....» Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл,Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл | Қараша | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР (музыкалық, көркем шығармашылық) ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 5-7 сыныптар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | «Movie time» мультфильм көрсетілімі | Қараша | ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | Бастауыш сыныптар |
| 13 | «Өз құқығыңды біліп, өзіңді қорға» дөңгелек үстел | Қараша | ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Құқық пәні мұғалімі ДТІЖО | 9сыныптар |
| 14 | «Өз құқығыңды білесің бе? тақырыбында пікірталас | Қараша | ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Дебат жетекшісі ДТІЖО Тәлімгер | 9-11 сыныптар |
| 15 | «Мен бақытты баламын» флешмоб | Қараша | ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 1-4 сыныптар |
| **ЖЕЛТОҚСАН** | | | | | |
| 16 | «Қарттарға көмек, қоғамдық міндет» | Желтоқсан | ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер Сынып жетекшілер | 10-11 сыныптар |
| 17 | «Тәуелсіздік ұрпақтары» салтанатты жиын | Желтоқсан | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер | 1-11 сыныптар |
| 18 | «Үздік Көшбасшы» байқауына қатысу | Желтоқсан | Фракция мүшелері | Тәлімгер | Мектеп президенті |
| 19 | «Тұғыры биік Тәуелсіздік!» волейболдан мектепшілік турнир | Желтоқсан | СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер Дене шынықтыру пәні мұғалімдері | 8-11 сыныптар |
| 20 | «Movie time» тарихи кино көрсетілім | Желтоқсан | ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ | Тәлімгер | 9- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | | 11сыныптар |
| 21 | «Көңілді үзіліс» сергіту сәті | Желтоқсан | СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 8-11 сыныптар |
| 22 | «Суретшілер көзімен» суретшілер байқауы | Желтоқсан | АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер<br>Сынып жетекші | 4 сыныптар |
| **ҚАҢТАР** | | | | | |
| 23 | «Қызықты Үзіліс» | Қаңтар | ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер<br>Сынып жетекшілер | 2-4 сыныптар |
| 24 | «Менің құқықтарым- менің міндеттерім» дөңгелек үстел | Қаңтар | ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Өзін-өзі басқару ұйымы<br>Құқық пәні мұғалімдері | 9-10 сыныптар |
| 25 | «ПрофTIME» түлектер кеші | Қаңтар | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер<br>Өзін-өзі басқару ұйымы | 8-11 сыныптар |
| 26 | «Бала құқығы-адам құқығы» дебат | Қаңтар | ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Өзін-өзі басқару ұйымы<br>«Kozqaras» дебат клубы | 8-11 сынып |
| 27 | «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік рөлдік ойын | Қаңтар | ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 7 сынып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **АҚПАН** | | | | | |
| 28 | «JAIDARMAN» ойындары | Ақпан | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 8-11 сыныптар |
| 29 | «Достық» стенді, суретті коллаж | Ақпан | АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 1-11 сыныптар |
| 30 | «Денсаулық – сенің байлығың» акциясы «Денсаулық-бұл спорт» стендін безендіру | Ақпан | СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 5-7 сыныптар |
| 31 | «Достықты қадірлей білейік» акция | Ақпан | АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | Ұстаздар |
| 32 | «Жақсылық жасап жарысайық» көмек көрсету | Ақпан | ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫ | Тәлімгер | Фракция мүшелері |
| 33 | «Достық» жәрмеңке | Ақпан | ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер Сынып жетекші Әлеуметтік педагог | 8-11 сынып |
| 34 | «Құқықтық вернисаж» плакат сайысы | Ақпан | АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 8 сыныптар |
| **НАУРЫЗ** | | | | | |
| 35 | «Алғыс-бақыттың кілт». Кіші қызметкерлерге алғыс білдіру | Наурыз | ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | Фракция мүшелері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 36 | «Сенің өміріндегі әкенің рөлі қандай?» сұхбат | Наурыз | ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 4 сынып |
| 37 | «Адалдық-парасаттың биік шыңы» дөңгелек үстел | Наурыз | Өзін-өзі басқару ұйымы | Тәлімгер | Фракция мүшелері |
| 38 | «Көрісу күні» видеоролик | Наурыз | АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | Оқушылар ұстаздар |
| 39 | «Қош келдің, әз наурыз!» | Наурыз | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Класс жетекші | 1-11 сынып |
| **СӘУІР** | | | | | |
| 40 | 12 сәуір –**ғарышкерлер күні**. Сурет көрмесі | Сәуір | АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ (МЕКТЕПТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ)Фракция мүшелері | Тәлімгер<br>Класс жетекші | 2-3 сынып |
| 41 | «Мектептегі қызықты оқиғалар» ашық хат | Сәуір | ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ | Тәлімгер | 2-11 сынып |
| 42 | «Жаңа подкаст» сұхбат | Сәуір | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ | Тәлімгер | Фракция мүшелері |
| 43 | «Экологиялық КВЕСТ» | Сәуір | ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО<br>Тәлімгер | 5 сынып |
| 44 | «Мамандық таңдау» дебат | Сәуір | ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер<br>Дебат клубы | 9-10 сынып |
| 45 | Мектепшілік футбол | Сәуір | СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ФРАКЦИЯСЫ Фракция | Тәлімгер<br>Спорт нұсқаушысы | 8-11 сыныптар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мүшелері | | |
| 46 | «Грант иегері» түлектерге акция | Сәуір | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 11 сынып |
| **МАМЫР** | | | | | |
| 47 | **«Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?»** танымдық сабақ | Мамыр | ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер | 6 сынып білім алушылары |
| 48 | **«Әдеп – ең қымбат мирас»** дөңгелек үстел | Мамыр | ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | Тәлімгер Сынып жетекшілер | 5-7 сынып |
| 49 | **«Мектеп Лигасы»** спорттық іс-шаралар | Мамыр | СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер | 8-9 сынып |
| 50 | **«Менің ағашым»** мектеп алдын көгалдандыру акциясы | Мамыр | ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер | Мектеп оқушылары |
| 51 | **«ЖҰЛДЫЗДЫ START»**байқауы | Мамыр | МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ Фракция мүшелері | ДТІЖО Тәлімгер | 8-10 сынып |

**Мектеп тәлімгері:** **Мұхамбет Динара Ерболатқызы**

Бекітемін
Мектеп директоры: Л.Х.Еспанова

**Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп**
**2023-2024 оқу жылына арналған оқушылар арасында сыбайластық жемқорлықтың алдын-алу мәдениетін қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жоспары**

| № | Іс-шаралардың атауы | Мерзімі | Қатысушылар | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Адал ұрпақ» ерікті мектепішілік клубының жұмыс жоспарын бекітуге ұсыну | Қыркүйек | 1-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Тәлімгер |
| 2 | Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын жаңарту | Қыркүйек | 1-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Тәлімгер |
| 3 | «Қылмыс пен жаза» тақырыбында дөңгелек үстел | Қыркүйек | 9 сыныптар | ДТІЖО |
| 4 | «Жемқорлық - індет жою міндет» тақырыбында пікірталас | Қыркүйек | «Kozqaras» дебат клубы | Ешімбетов Ж.К. |
| 5 | «Біздің таңдауымыз – заңды мемлекет» танымдық сабақ | Қазан | 9-11 сыныптар | Тәлімгер<br>Сынып жетекшілер |
| 6 | «Сыбайлас жемқорлық және қоғам» тәрбие сағат өткізу | Қараша | 10 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 7 | «Жемқорлық балалар көзімен» суреттер байқауы | Желтоқсан | 3 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 8 | Елдің сайлау құқығы ұстанымына сәйкес «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік – ролдік ойын өткізу. | Қаңтар | 7 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 9 | «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» эссе байқауы | Ақпан | 5-10 сыныптар | Тәлімгер<br>Қазақ тілі пәні мұғалімдері |
| 10 | «Адалдық – парасаттың биік шыңы» акция өткізу | Наурыз | Өзін-өзі басқару ұйымы | Тәлімгер |
| 11 | «Мемлекеттік қызметті алу туралы» іскер ойын | Сәуір | Өзін-өзі басқару ұйымы | Тәлімгер |
| 12 | «Жемқорлық жегі құрт» атты дөңгелек үстел | Мамыр | 8 сыныптар | ДТІЖО<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекшілер |

Аға тәлімгер: Д.Е.Мұхамбет

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы
Әйтеке би ауданы
Т.Жүргенов атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі

Республика Казахстан
Актюбинская область
Айтекебийский район
Общеобразовательная средняя
школа имени Т.Жургенова

К.Айтазин көшесі № 16А, телефон: 21 – 6 – 79 E mail: *Zhurgenovsh@mail.ru*

Темірбек Жүргенов селосы

село Темирбека Жургенова

**Бұйрық №175 н/қ**

**15 қыркүйек 2023 ж**

**«Мектеп парламентін» құру туралы**

2023-2024 оқу жылында мектеп оқушыларынан «Мектеп парламентін» ұйымдастыру мақсатында бұйырамын:

1. Қазіргі заманғы қазақ білімін жаңғыртудың тұжырымдамалық бағыттарының бірі-бәсекеге қабілетті азаматты қалыптастыру. Әрбір білім алушыда өз жолын табу мақсатында, өзіндік идеяларды қосып, мектеп оқушыларымен бірге мектепшілік қызметтерді орындап, жауапкершілікпен қарауға, қоғамдық жұмыстарға белсенділік танытып, өз елін, жерін, Отанын сақтай білуге Қазақстан Республикасының патриоты болатын, «Өзін-Өзі басқару» ұйымы құрылсын.

2. Осы «Өзін-өзі басқару» ұйымының жетекшісі болып Аға-тәлімгер және химия пәнінің мұғалімі Мұхамбет Д.Е. тағайындалсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жаңабергенова Ж.А. жүктелсін.

**Мектеп директоры Д.Х.Есенова**

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы
Әйтеке би ауданы
Т.Жүргенов атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі

Республика Казахстан
Актюбинская область
Айтекебийский район
Общеобразовательная средняя
школа имени Т.Жургенова

К.Айтазин көшесі № 16А, телефон: 21 – 6 – 79 E mail: Zhurgenovsh@mail.ru

Темірбек Жүргенов селосы
село Темирбека Жургенова

**Бұйрық № 207**

**19 қазан 2023 жыл**

**Мектеп парламентінің Президентін сайлау туралы**

Ақтөбе облысының білім басқармасының 7 .09.2023 жылғы № 2/3947 санды хатынасына сәйкес мектеп Президентін сайлау жүргізілсін және оған комиссия мүшелері құрылсын.

**Бұйырамын:**

**1. Сайлау комиссиясының мүшелері:**

1. Н.Б.Құдайбергенов мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. Б.А.Жаңабергенова мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Д.Е.Мұхамбет аға тәлімгер;
4. Г.Қ.Туребекова мектеп психологы;
5. Н.М.Ермаханова география пәні мұғалімі;
6. А.С.Камаладинова география пәні мұғалімі;
7. Ж.Әбдіғаниева орыс тілі пәні мұғалімі;

**2. Комиссия мүшелері:**

- мектеп Президентін сайлауды дайындау және өткізу кезінде заңдылықтың сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- сайлауды әзірлеу мен өткізуді реттейтін нұсқаулар мен басқа да нормативтік актілер шығарады;
- мектеп парламентінің Президенттігіне кандидаттарды тіркейді;
- дауыс беру тәртібі мен сайлау науқанын жүргізуді бұзған жағдайда кандидаттарды тіркеуден алып тастайды;
- сайлау науқанының барысын бақылайды, қорытындысын шығарады және олардың жеңімпаздарын анықтайды.

**3. Мектеп парламентінің президентіне үміткерлер:**

1. Ерланқызы Фариза - 8 а сынып оқушысы;
2. Серік Нұрасыл - 9 а сынып оқушысы;
3. Мусақызы Аянат - 9 а сынып оқушысы;
4. Хамитова Айгерім - 9 а сынып оқушысы;
5. Ерғали Диас- 9 а сынып оқушысы;
6. Абдукаримова Айсана - 9 а сынып оқушысы;
7. Нұрқалық Сандуғаш - 9 ә сынып оқушысы;
8. Алшанова Нұрдана - 10 а сынып оқушысы;
9. Қуанышбай Ақниет - 10 ә сынып оқушысы;
10. Авангардова Диана - 10 ә сынып оқушысы;

4. Мектеп Президенттігіне жүргізілген сайлаудың нәтижелерін белгілеу сайлау комиссиясына жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Н.Б.Құдайбергенов пен Б.А.Жаңабергеноваға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Л.Х.Еспанова**

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы
Әйтеке би ауданы
Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Республика Казахстан
Актюбинская область
Айтекебийский район
Общеобразовательная средняя школа имени Т.Жургенова

К.Айтазин көшесі № 16А, телефон: 21 – 6 – 79 E mail: Zhurgenovsh@mail.ru

Темірбек Жүргенов селосы

село Темирбека Жургенова

**Бұйрық № 207**

**19 қазан 2023 жыл**

**Мектеп парламентінің Президентін сайлау туралы**

Ақтөбе облысының білім басқармасының 7 .09.2023 жылғы № 2/3947 санды хатынасына сәйкес мектеп Президентін сайлау жүргізілсін және оған комиссия мүшелері құрылсын.

**Бұйырамын:**

**1. Сайлау комиссиясының мүшелері:**

1. Н.Б.Құдайбергенов мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. Б.А.Жаңабергенова мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Д.Е.Мұхамбет аға тәлімгер;
4. Г.Қ.Туребекова мектеп психологы;
5. Н.М.Ермаханова география пәні мұғалімі;
6. А.С.Камаладинова география пәні мұғалімі;
7. Ж.Әбдіғаниева орыс тілі пәні мұғалімі;

**2. Комиссия мүшелері:**

- мектеп Президентін сайлауды дайындау және өткізу кезінде заңдылықтың сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- сайлауды әзірлеу мен өткізуді реттейтін нұсқаулар мен басқа да нормативтік актілер шығарады;
- мектеп парламентінің Президенттігіне кандидаттарды тіркейді;
- дауыс беру тәртібі мен сайлау науқанын жүргізуді бұзған жағдайда кандидаттарды тіркеуден алып тастайды;
- сайлау науқанының барысын бақылайды, қорытындысын шығарады және олардың жеңімпаздарын анықтайды.

**3. Мектеп парламентінің президентіне үміткерлер:**

1. Ерланқызы Фариза - 8 а сынып оқушысы;
2. Серік Нұрасыл - 9 а сынып оқушысы;
3. Мусақызы Аянат - 9 а сынып оқушысы;
4. Хамитова Айгерім - 9 а сынып оқушысы;
5. Ерғали Диас- 9 а сынып оқушысы;
6. Абдукаримова Айсана - 9 а сынып оқушысы;
7. Нұрқалық Сандуғаш - 9 ә сынып оқушысы;
8. Алшанова Нұрдана - 10 а сынып оқушысы;
9. Қуанышбай Ақниет - 10 ә сынып оқушысы;
10. Авангардова Диана - 10 ә сынып оқушысы;

4. Мектеп Президенттігіне жүргізілген сайлаудың нәтижелерін белгілеу сайлау комиссиясына жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Н.Б.Құдайбергенов пен Б.А.Жаңабергеноваға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Л.Х.Еспанова**

**2023-2024 оқу жылындағы өзін-өзі басқару ұйымының талдауы**

Мектебімізде жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушыларға білімнің басымдылығы мен маңыздылығын ұғындыру және жағымды көңілді күй оң көзқарас қалыптастыру мақсатында «Мектебім-мейірім мекені» білім күнінің салтанатты жиыны өткізілді.

Мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспарын құрып, бекітілді. Айына бір рет жиналыс отырысы өткізіледі. Отырыста жоспарланған іс шараларды талқылап әр фракция мүшелері өз жұмыстарын өткізеді.

2023-2024 оқу жылына мектеп парламентіне сайлау жарияланып, мектеп парламентіне үміткерлер өз үгіт насихатын мектебіміздің әлеуметтік парақшасына жариялады. Ақтөбе облысының білім басқармасының 7.09.2023 жылғы №2/3947 санды хатынасына сәйкес мектеп президентін сайлау комиссиясы құрылып сайлау өткізілді. Сайлау барысында сайлау алды парақшалары таратылды, кандидаттардың тізімі белгіленіп, сайлауалды бағдарламалары ілінді. Үміткерлерді сайлау мектеп дәлізінде ұйымдастырылды, сайлау жәшігі қойылды, комиссия мүшелері отырып келген оқушыларға сайлау парақшасын бір – біреуден беріп, бір – бір оқушыдан сайлау жүргізілді. Оқушылар сайлау парақшасын белгілеп сайлау жәшігіне салып отырды. Әрбір дауыс беруші бір ғана үміткерді таңдады. Сайлау комиссиясы үміткерлерді сайлау жәшігін ашып көріп дауыстарды санады.

Дауыс беру қорытындысы бойынша 10 сынып оқушысы Алшанова Нұрдана барлық кандидаттар арасында ең жоғары дауыс жинап, жаңа мектеп президенті лауазымына тағайындалды. Сонымен қатар 8 сынып оқушысы Ерланқызы Фариза өзін-өзі тану және бақыт министрі; 9 сынып оқушысы Серік Нұрасыл құқық және тәртіп министрі; 9 сынып оқушысы Мұсақызы Аянат экология және салауатты өмір салты министрі; 9 сынып оқушысы Хамитова Әйгерім мәдениет және өнер министрі; 9 сынып оқушысы Ерғали Диас спорт және салауатты өмір салты министрі; 9 сынып оқушысы Абдукаримова Айсана мәдениет және өнер министрі; 9 сынып оқушысы Нұрқалық Сандуғаш ақпарат министрі; 10 сынып оқушысы Авангардова Диана мәдениет және дебат қозғалысының министрі; 10 сынып оқушысы Қуанышбай Ақниет қамқорлық министрі болып тағайындалды.



«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс –шараларды өткізуге біріңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспарын құрып, қыркүйек айының 8-і күні «Сергіту сәті» челленджі ұйымдастырылды. «Біз денсаулықты таңдаймыз!» сергіту жаттығуы өткізілді. Мақсаты: балалардың салауатты өмір салтын

насихаттау; Шаршаудың алдын алу, ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімі бұзылуының алдын алу.





«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы –тіл» деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен қатар келген тілдер мерекесіне орай, «Тіл тағдыры – ел тағдыры» тақырыбында 11 сынып оқушыларының қатысуымен челендж ұйымдастырылды. Мақсаты: Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өз ана тілінің қадір-қасиетін, құдіретін ұғындыру, басқа тілдерге де құрметпен қарап, әрбір ұлттың ана тілі баға жетпес мұра екенін сезіндіріп, тілге деген сүйіспеншілігін арттыру.





5 қазан күні Ұстаздар мерекесіне орай «Сіздің ұстаз қандай» ашық хаттар тақтасы жасалынып оқушылар ұстаздарына алғыстары мен тілектерін жазып орналасқан конверттерге салды. Мақсаты: балаларға алғыс айту туралы түсінік беру, тілек білдіру туралы айтып өту. Тәрбиеші, ұстаз еңбегін әрқашанда бағалай білуге үйрету.

Сонымен қатар ұстаздар мерекесіне орай оқушыларды жалпыадамзаттық құндылыққа бағыттайтын Өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында "Дублер күні" өткізілді. Оқушылар мұғалім ролін сомдады. Оқушылардың сол күнгі жауапкершілігі және оны сезінуі, мұғалімнің қызметін түсіне білулері , өте жоғары дәрежеде байқалды. Сабақтарға жоғары дайындықпен келген. Әрбір пән мұғалімі өз аты-жөні жазылған бейджиктерді тағып, төменгі сынып оқушыларының сұрақтарына жауап тиянақты берді.





18-22 қазан аралығында өтетін «Армысың, Алтын күз» атты тағылымдық апталығы ұйымдастырылды. Тағылымдық апталықтың мақсаты: оқушылардың бойына

шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, туған табиғатқа деген деген сүйіспеншілік құндылықтарын сіңіру. Балаларды бір – біріне сыйластықты, ауызбіршілікті болуға шақыру. Өнерге деген қызығушылықтарын ояту.

Апталық аясында 2-4 сынып оқушыларының арасында «Күзгі таңғажайып» тақырыбында ертегілер сайысы, 5-7 сынып оқушылары арасында «Күз – мереке, күз – береке» тақырыбында сайыс, ал 8-10 сынып оқушылары арасында «Күзгі бақта» тақырыбындағы ретро стильдегі байқау өткізілді. Барлық оқушылар үлкен дайындықпен келіп, белсенділік көрсете білді. Жүлделі орындар иеленді.







Ұлттық мүдде құндылығын дәріптеу мақсатында қараша айында Ж.Аймауытовтың туғанына 135жыл, С.Сейфулиннің туғанына 130жыл, С.Торайғыровтың туғанына 130жыл толуынва орай «Ұлы дала президенттері...» тақырыбында «Мектептегі үзіліс» бірыңғай оқу сағаттарын ұйымдастырды. Қоңырау уақытында ХХ ғасырдың басындағы аса көрнекті ақын-жазушылардың шығармаларын оқушылар жатқа оқыды.





Қараша айында оқушылардың демалысын тиімді өткізу мақсатында бастауыш сынып оқушыларына «Қазақ елі» мультфильмі көрсетілді. Желтоқсан айында «Movie time» акциясы аясында жоғары сынып оқушыларының тарихты білуге деген ізденісі мен қызығушылығын арттыру мақсатында «Оян қазақ» атты тарихи деректі кино көрсетілді.




Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру мақсатында 21 қараша күні «Өз құқығыңды біліп, өзіңді қорға» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Сонымен қатар 23 қараша күні өзін-өзі басқару ұйымының қатысуымен «Kozqaras» дебат клубының «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында ұйымдастырған пікірталас өткізілді.







Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Қарттарға көмек, қоғамдық міндет» тақырыбында мектебіміздің ерікті оқушылар тобының қатысуымен ауыл тұрғыны, зейнеткер анамыз Давлетова Зада Конакбаеваның ауласын қардан тазартып берді. Мақсаты: оқушы бойына үлкенге құрмет көрсетуге, мейірімділікке баулу.







Желтоқсан айында аудандық «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымдарының президенттері арасында ұйымдастырылған «Үздік көшбасшы-2023» байқауына мектеп президенті Алшанова Нұрдана қатысып «Үздік бейнеролик» номинациясына ие болды.



МАДАҚТАМА

Аудандық "Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымдарының президенттері арасында ұйымдастырылған "ҮЗДІК КӨШБАСШЫ -2023" байқауына қатысып, "Үздік бейнеролик" номинациясына ие болған Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ Алшанова Нұрдана

МАРАПАТТАЛАДЫ

Жетекшісі: Мұхамбет Д.Е.

Білім бөлімінің басшысы С.Б.Биртаева

Т.Жүргенов селосы, 2023 жыл

Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және оқушылардың бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында жоғары сынып оқушылары арасында «Тұғыры

биік Тәуелсіздік!» тақырыбында мектепшілік волейболдан турнир ұйымдастырылды. Жарысқа 8-10 кластардан 9 команда, 68 оқушы қатысып, тамаша ойын өрнегін көрсетті.




Желтоқсан айында мектеп оқушылары арасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау. Шығармашылық ынтымақтастық негізінде оқушылардың эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін позитивті қарым-қатынастың тиімді түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Бірлесе отырып, мінез-құлықтарын дағдыларын дамыту мақсатында «Көңілді үзіліс» атауымен әйгілі «Ламбада» биіне барлық мектеп оқушыларын тарта отырып би марафонын ұйымдастырды.




Қаңтар айында жоспарға сәйкес балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету мақсатында фракция мүшелері арасыда «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбында дебат өткізілді.





17 қаңтар күні «ДосболLIKE: Достық қолын ұсын» акциясы аясында, «Проф time» тақырыбында мектеп бітірушілерді болашақ мамандық таңдауға бейімдеу, кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында түлектермен кездесу кеші ұйымдастырылды. Түлектермен кездесу кешінде студенттер оқушылармен ашық диолог құрып, түрлі ойындарға қатысты.

Мектеп оқушылары мен студент жастардың арасында жолдастық, достық қарым-қатынасты күшейтетін маңызы зор кеш болды.





26 қаңтар күні оқушылардың үзіліс кезіндегі уақыттарын тиімді пайдалану, әр түрлі тапсырмалар арқылы тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу. Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, достық қарым-қатынас орнатуға жетелеу, оқушылардың сыйластығын, қарым-қатынас, ұйымшылдығын арттыру, сабаққа көңіл-күйін жақсарту мақсатында 2-4 сынып оқушылары арасында «Көңілді үзіліс» ұйымдастырылды.






«ДосболLIKE: Достық қолын ұсын» акциясы аясында 8-10 сынып оқушылары арасында "Жайдарман 2023" көңілді тапқырлар ойыны өтті. Мақсаты: оқушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлай отырып, тапқырлық, ұшқыр қиял арқылы әзіл әлемінде қалықтауға бейімдеу, бір-бірімен еркін араласу, достық қарым-қатынастарын жетілдіру арқылы сахна мәдениетін меңгерту. Талантты жастарды қолдау.





Ақпан айында "ДосболLIKE: Достық қолын ұсын" акциясы аясында шығармашылық ынтымақтастықты қалыптастыру, адал достықты құрметтеу, достықты бейнелеу мақсатында "Менің досым" тақырыбымен мектеп дәлізіне фото көрме шығарылды. Оқушылар өздерінің жақын достарымен түскен фотоларын алып келіп көрмеге қойды.







«ДосболLIKE: Достық қолын ұсын» акциясы аясында мектеп ұстаздары арасында «Достықты қадірлей білейік» акциясы ұйымдастырылды. Бұл акция аясында ұстаздар өздерінің жақын достарына хабарласып, игі тілектерін білдірді. Мақсаты: оқушыларды достықты қадірлей білуге тәрбиелеу, адал дос таба білуге баулу.





Ақпан айында мектебімізде 8-11 сынып оқушылары арасында «Достық» жәрмеңкесі өткізілді. Бұл күні мектептің дәлізі үлкен сауда алаңына айналды. Оқушылар өздері пісірген пицца, торт, бәліш сынды тәттілерді арзан бағамен сатты. Ал, оларды сатып алушылардың қатары тіптен көп. Аталмыш жәрмеңке «ДосболLIKE: Достық қолын ұсын» акциясы аясында өтті. Жиылған қаражат әлеуметтік нысандарға бөлініп беріледі.






13 ақпан күні «Заңды білу – заман талабы» атты құқық бұзушылықты алдын алу мақсатында жоспарланған апталық аясында 8-9 сынып оқушылары арасында «Құқықтық вернисаж» форматында ашық диалог алаңы өтті.






Алғыс – бақыттың кілті. Соған орайөзін-өзі басқару ұйымы «Алтын жүрек» челленджі аясында барлық мектептің кіші қызметкерлеріне өз алғысын білдіре отырып, дайындаған сыйлықтарын таратты. Мақсаты: алғыс айту туралы түсінік беру, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту, әдептілік, кішіпейілділік, ізгілікке тәрбиелеу.





«Әке жолы – ізгі жол» апталық аясында ұйымдастырылған «Сенің өміріндегі әкенің рөлі қандай?» тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымы мектеп оқушыларымен сұхбат жүргізді. Мақсаты: Әкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты ұғындыру.




14 наурыз күні мектеп оқушылары мен ұстаздары арасында «Көрісу күні» ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды қазағымыздың салт дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелегімен таныстыру және үлкенге құрмет , кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу. Оқушылардың өзара сенімділігін, қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыру.





19 наурыз күні мектебімізде кең ауқымда «Қош келдің, әз Наурыз!» атты мектепшілік мерекелік шара өтті. Шарағабарлық мектеп оқушылары мен ұстаздары белсенділікпен қатысты. Мақсаты: ұлттық дәстүріміз бойынша өтетін Наурыз мерекесінің ерекшелігін, табиғат пен адамнын байланысын, салт-дәстүрін, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақтың әдет-ғұрпын, тіліміз бен дінімізді құрметтеуге, имандылыққа тәрбиелеу.





Аға тәлімгер: Мұхамбет Д.Е.